

**Астана қаласы әкімдігінің  
«Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» МКҚК-нің  
2022 жылғы 09-19 желтоқсан аралығына  
бос педагог лауазымдарына  
тағайындау конкурсы туралы  
АҚПАРАТ**

Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» МКҚК- бос педагог лауазымдарына тағайындау конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) жариялады.

**Конкурсты ұйымдастыру тәртібі мен кезеңдері:**

1. Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» МКҚК-нің (бұдан әрі - колледж) педагог-психолог бос педагог лауазымына тағайындауга конкурс өткізу дін осы тәртібі Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына, (бұдан әрі - зан), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бүйрығымен бекітілген «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 2 бөлімімен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесі педагогтері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандагы № 57 Бүйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларының сәйкес әзірленді.

2. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарды қабылдау мерзімі: 2022 жылғы 09- 19 желтоқсан аралығы

3. Конкурсқа қатысуға ниет білдіруші педагогтердің құжаттарды ұсыну тәртібі: Конкурсқа Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бүйрығымен бекітілген «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 2 бөлімімен бекітілген Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесі педагогтері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандагы № 57 Бүйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларының (бұдан әрі-Қагида) 107-тармағында корсетілген тізім бойынша құжаттарды Астана қаласы, Алматы ауданы, Б.Майлин көшесі 12 мекен жайында орналасқан Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына 2022 жылғы 09-19 желтоқсан аралығында (жарияланған соңғы күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде) электрондық поштага: [ktsk.astana@mail.ru](mailto:ktsk.astana@mail.ru) (сканерленген нұсқада), б.т. 501647 немесе қағаз түрінде;

4. Конкурсты откізу орыні: Астана қаласы, Алматы ауданы, Б.Майлин көшесі 12 мекен жайында орналасқан Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны фимаратында;

5. Конкурстың комиссияның қатысуға ниет білдірген кандидаттардың құжаттарының Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік таланттарына сәйкестігін қарau мерзімі: 2022 жылғы 24 - 28 желтоқсан аралығында (қабылдау аяқталған күннен кейін бес жұмыс күні ішінде);

6. Конкурстың комиссияның қорытынды отырысы: 2022 жылғы 29 желтоқсан күні;

7. Бос және (немесе) уақытша бос педагог лауазымдарың атауы, уақытша бос лауазымға конкурс откізу кезінде педагогтің уақытша бос лауазымының мерзімі, негізгі функционалдық міндеттері, еңбекке ақы төлеу мөлшері мен

**шарттары мен педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары:**

**7.1. Бос лауазымның атауы:** Біліктілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығымен бекітілген «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 10 тарау 3-параграфымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру психологі, педагог-психологы» сипаттамасына сәйкес келетін Педагог-психолог (мемлекеттік және орыс тілдерін жоғары деңгейде білу).лауазымы

**Енбекке ақы толеу молшері:** Екі айлық сынақ мерзімі тағайындалуы тәртібімен, еңбек шарты негізінде орташа лауазымдың айлықақысы **120 000 (бір жұз жиырма мың) теңгеден басталады.**

**Лауазымдық міндеттері:**

білім алушылардың психикалық және әлеуметтік әл-ауқатын сақтауга бағытталған кәсіптік қызметті жүзеге асырады;

әртүрлі бейіндегі және арналымдағы психологиялық-педагогикалық диагностиканы жүргізеді;

педагогикалық ұжымды жеке және әлеуметтік даму мәселелерін шешуге бағдарлау мақсатында білім алушылардың психологиялық-педагогикалық қорытындыларын жүргізеді және талдайды;

білім алушының жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру қызметінің дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауда және әзірлеудегі қызметтерде;

білім алушыларды психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың өмірлік және кәсіби өзін-өзі анықтаудың әртүрлі жағдайларында бағдарлауда дайындығын дамытуға ықпал етеді;

әлеуметтік бейімсіздіктің туындауының алдын алу бойынша іс-шараларды жүзеге асырады, психологиялық көмек көрсету бойынша шаралар қабылдайды (психокоррекциялық, оңалту және консультациялық);

буллинг, суицидтің алдын алу бойынша жұмыс жүргізеді. Білім алушылар, тәрбиеленушілер, педагогтер және басқа да қызметкерлер арасында сыйбайлас жемқорлықта қарсы мәдениетті, академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңреді;

әр түрлі бағыттағы және бағыттағы психологиялық диагностиканы жүргізеді, оқыту, тұлғалық даму және мінез-құлық проблемаларын уақтылы анықтайды, психологиялық қорытынды жасайды;

психологияны практикалық қолдану мәселелері бойынша педагогтерге кеңес береді, педагогтардың, ата-аналардың әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігін арттыруға ықпал етеді;

білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді;

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау ережелерінің талаптарын орындауды;

белгіленген нысан бойынша есептік құжаттаманы жүргізеді;

педагогикалық ұжымға, сондай-ақ білім алушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға білім алушылардың жеке және әлеуметтік даму проблемалары бойынша ұсынымдар әзірлеудегі қызметтерде зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық талдауды жүзеге асырады;

белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді және оны мақсаты бойынша пайдаланады. Педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, білім беру ұйымының жұмыс жоспарында көзделген сауықтыру, тәрбиелеу және басқа да іс-шараларды өткізу жөніндегі жұмысқа қатысады;

өзінің кәсіби деңгейін арттырады. Білім алушылармен психологиялық жұмыстың заманауи әдістері мен технологияларын зерделейді және енгізеді;

баланың құқықтарын қорғау жөніндегі конвенцияга сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауга жәрдемдеседі. Тәрбие-білім беру процесінде балалардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды.

### **Біліктілікке қойылатын талаптар:**

"Психология" бейіні бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе бейіні бойынша жоғары медициналық білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды;

және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде – 3 жыл; педагог-сарапшы үшін – кемінде 4 жыл; педагог-зерттеуші және педагог-шебер үшін – 5 жыл.

### **Кәсіби құзыреттілікті айқындағы отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:**

1) "педагог":

білім алушылардың психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлай және ұйымдастыра білуі тиіс;

білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал ету;

білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатысу;

білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиелу мен оқытуда жеке тәсілді жүзеге асыру;

кәсіби-педагогикалық диалог дағдыларын меңгеру;

цифрлық білім беру ресурстарын қолдану;

2) "педагог-модератор":

"педагог" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

оқытудың инновациялық формаларын, әдістері мен құралдарын қолдану;

білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибелі жинақтау;

білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы;

3) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

ұйымдастырылған оқу қызметін талдау дағдыларын меңгеру;

тәлімгерлікті жүзеге асыру және білім беру ұйымы деңгейінде өзінің және әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын айқындау;

аудан/қала деңгейінде тәжірибелі жинақтау;

аудан/қала деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы;

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

сабакты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын меңгеру;

білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету;

тәлімгерлікті жүзеге асыру және аудан, қала деңгейінде педагогикалық қоғамдастықта даму стратегиясын айқындауды;

облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде тәжірибелі жинақтау (республикалық ведомствоның ұйымдар үшін);

облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана, республика деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы (республикалық ведомствоның ұйымдар үшін);

5) "педагог-шебер": "педагог-зерттеуші" біліктілігіне қойылатын жалпы талаптарға, сондай-ақ:

Ы.Алтынсарин атындағы Үлттық білім академиясы жаңындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте немесе техникалық және кәсіптік білім департаменті жаңындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған авторлық бағдарламаның болуы,

немесе оқулыктар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар тізбесіне енгізілген шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (бірлескен авторы) болып табылады, білім беру саласындағы үәкілетті орган бекіткен немесе техникалық және кәсіптік білім департаменті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған немесе тест тапсырмаларын, оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді сараптау жөніндегі әзірлеушілер мен сарапшылардың құрамына кіретін немесе Уорлд скілс (WorldSkills) республикалық және халықаралық чемпионаттарының сарапшысы (кеңіби шеберлік конкурсы) немесе педагогтердің біліктілігін арттыру бойынша жаттықтыруши болып табылады;

ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз ету;

тәлімгерлікті жүзеге асыру және облыс деңгейінде кәсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлау, республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушысы болу немесе республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушыларын дайындау.

**7.2. Бос лауазымның атауы:** Біліктілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 Бұйрығымен бекітілген «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 10 тарау 3-параграфымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдары басшысының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары» сипаттамасына сәйкес келетін колледж директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары лауазымына (мемлекеттік және орыс тілдерін жоғары деңгейде білу).

**Еңбекке ақы төлеу мөлшері:** Екі айлық сынақ мерзімі тағайындалуы тәртібімен, еңбек шарты негізінде, орташа лауазымдық айлықақысы 150 000 (бір жұз елу мың) теңгеден басталады.

#### **Лауазымдық міндеттері:**

білім беру үйымдарында тәрбие процесін үйымдастыруды жүзеге асырады;

тәрбие жұмысын үйымдастыру бойынша жоспарлар мен іс-шараларды әзірлеуді қамтамасыз етеді, кәсіптік бағдар беру жұмысының ағымдағы және стратегиялық жоспарлаудың үйлестірілді, олардың іске асырылуына бақылауды жүзеге асырады;

оку жылына тәрбие жұмысының жоспарын әзірлейді;

педагог-психологтың, әлеуметтік педагогтің, оқу-тәрбие жұмысы мәселелері жөніндегі топ басшыларының қызметін басқарады;

дene шынықтыру-сауықтыру және көркем-эстетикалық бағыттағы топтар басшыларының, тәрбиешілердің, кітапханашылардың, қосымша білім беру оқытушыларының қызметін үйлестіріді;

тәрбие жұмысына талдау жүргізеді;

тәрбие жұмысы бойынша әдістемелік құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмысты үйымдастырады, тәрбие процесінің сапасына, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылармен және девиантты мінез-құлышты балалармен жеке жұмысқа жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

тәрбие жұмысының мазмұнын, нысандары мен әдістерін жетілдіреді;

дene тәрбиесі процесін, спорттық-сауықтыру және әскери-патриоттық жұмысты дамытуды үйлестіру бойынша, білім алушыларға салауатты өмір салты нормаларын дарыту бойынша жұмысты жүзеге асырады;

педагогтар мен білім алушылар арасында тәрбие жұмысы бойынша семинарлар, конференциялар, конкурстар және басқа да іс-шаралар өткізуі үйымдастырады;

білім алушылардың патриоттық, азаматтық, интернационализм, жоғары мораль мен имандылықты қалыптастыру, жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамыту бойынша жұмысты жүзеге асырады;

жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы тәрбиеленушілермен жұмысты үйымдастырады, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олардың занды құқықтары мен мүдделерін қорғайды;

жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастырады, оку-материалдық базаны ныгайту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды жүзеге асырады;

қоғам және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналармен және ата-аналар комитеттерімен тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымының әкімшілігі, қызметтері мен болімшелері өкілдерінің өзара іс-қимылын үйлестіреді;

білім беру ұйымдарында қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасауды қамтамасыз етеді;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық колдау қызметінің жұмысын үйлестіреді;

енбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, ортке қарсы қорғау жөніндегі қағидалар талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

білім алушыларға медициналық қызмет көрсету жағдайын бақылауды жүзеге асырады;

тәрбие жұмысының нәтижелері туралы есеп береді;

жастар мен жұмыспен қамтылмаған халық арасында кәсіптік бағдарлау жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсынымдар әзірлейді;

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшылары орынбасарларының біліктілікті беру (растай), арттыру кезінде қойылатын тиімділік көрсеткіштеріне сәйкес келеді;

білім алушылар, педагогтар және басқа да қызметкерлер арасында сыйайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидаттарын бойына сіңіреді.

### **Біліктілікке қойылатын талаптар:**

жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім, білім беру ұйымдарындағы жұмыс отілі кемінде 5 жыл;

немесе 3 жылдан астам жұмыс отілі бар білім беру ұйымының "үшінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "екінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" немесе "бірінші біліктілік санатты басшысының орынбасары" біліктілік санатының болуы.

## **7 Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын қажетті құжаттар тізбесі:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпанды № 57 Бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидасына 10-қосымшага сәйкес нысан бойынша:

8.1 Қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы отініш;

8.2 Жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);

8.3 Кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс паралы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);

8.4 Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

8.5 Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

8.6 "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазанды № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізлімінде № 21579 болып тіркелген);

8.7 Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8.8 Наркологиялық ұйымнан анықтама;

8.9 Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҮБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы қуәлік (болған жағдайда);

8.10 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандығы № 57 Бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидасына 11-қосымшага сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парагы;

8.11 Конкурсқа қатысушы бар болған жағдайда біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттар туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

8 Осы Қағидалардың 107-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы құжаттарды кандидатқа қайтару үшін негіз болып табылады.

9 Колледж кандидаттың құжаттарын қабылдағанинан кейін үш жұмыс күні ішінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық бөлімшелеріне сыйайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы, сондай-ақ педагогикалық әдептің бұзылуы туралы сұрау салуды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне жібереді.

10 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жұмысқа орналасуға тыйым салатын сыйайлас жемқорлық қылмыс және/немесе қылмыстық құқық бұзушылық және/немесе педагогикалық әдеп нормаларын бұзу туралы мәліметтер анықталған жағдайда, педагог конкурстың кез келген кезеңінде шеттетіледі.

11 Конкурстық комиссия кандидаттар құжаттарының біліктілік талаптарға сәйкестігін қарау нәтижелері бойынша, сондай-ақ осы Қағидаларға 11-қосымшага сәйкес Бағалау парагында көрсетілген балдарды есептеуді жүзеге асырады.

12 Конкурс корытындылары бойынша шешімді қабылдау күні: жинаған балл негізінде 2022 жылғы 29 желтоқсан күні.

13 Ең көп балл жинаған кандидат конкурстан өтті деп есептеледі және колледж директорына педагог лауазымына тағайындауга ұсынылады.

14 Кандидаттардың балл саны тең болған жағдайда конкурстық комиссия әңгімелесу өткізу туралы шешімі қабылдайды, нәтижесі бойынша қызметкө тағайындауға кандидат айқындалады.

15 Конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда комиссияның кез келген мүшесі өз пікірін баяндайды, комиссия отырысының хаттамасына қоса беріледі.

16 Конкурстық комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді, оған комиссия торағасы мен мүшелері, сондай-ақ хаттамалауды жүзеге асыратын хатшы қол қояды.

17 Әңгімелесуге қатысқан, бірақ тағайындауга ұсынылмаган кандидаттарды конкурстық комиссия кадр резервіне қоюды ұсынады.

18 Кадр резервінде болу мерзімі кадр резервіне алынған күннен бастап бір жылды құрайды.

19 Кадр резервіне енгізілген кандидаттар конкурс жарияланған кезде конкурстық комиссиямен әңгімелесу кезеңінен өтеді.

20 Конкурстың нәтижелері колледждің Интернет-ресурсында, конкурстың соңғы отырысы өткізілген күні колледждің әлеуметтік желілерінің ресми аккаунттарында жарияланады. Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келетін немесе комиссияның оң қорытындысын алған кандидатпен

білім беру үйімінің басшысы еңбек шартын жасасады және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарады.

21 Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес келетін немесе комиссияның оң қорытындысын алған кандидатпен білім беру үйімінің басшысы еңбек шартын жасалады және жұмысқа қабылдау туралы бұйрық шығарылады.

22 Конкурстық комиссияның оң қорытындысын алған кандидат еңбек шартын жасасудан бас тартқан жағдайда, колледж директоры конкурстық комиссияның кадрлық резервке ұсынған немесе қабылдауға ұсынған педагогтен кейін ең жоғары балл жинаған кандидатпен еңбек шартын жасайды.

23 Конкурс інтижесінде комиссия бос лауазымға орналасуға кандидаттарды анықтамаса, конкурс откізілмеді деп танылады.

24 Кандидаттар өздеріне қатысты бөлігінде конкурстық құжаттармен және комиссия шешімімен танысады.

25 Қос қызмет атқаратын педагогтерді конкурссыз жұмысқа қабылдау бір пән бойынша 8 сағаттан аспайтын уақытқа рұқсат етіледі.

26 Қос қызмет атқаратын педагогтің бос жүктемесі педагогтердің арасында бөлінбейді.

27 Кандидаттар конкурстық комиссияның шешімімен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларына сәйкес шағым береді.

28 Конкурсқа қатысушылар конкурстық комиссия шешіміне жоғары тұрған органның апелляциялық комиссиясына немесе сот тәртібімен шағым жасайды.

Кадр болімі меншерушісі:



A handwritten signature in blue ink, appearing to read "А. Арғынбек".

А.Арғынбек

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
«Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» МКҚҚ  
педагогтің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына орналасуға конкурсе  
жариялады.**

**1. Бос немесе уақытша бос лауазымның атауы:** Директордың ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысы жөніндегі орынбасары - 1 бірлік (мемлекеттік және орыс тілдерін жоғары деңгейде жетік мәнгеруі (ағылшын тілі біліміне басымдық берілуімен) шартымен

**Негізгі функционалдық міндеттері:** Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім беру үйымының ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысын басқарады.

Білім беру үйымының ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысын үйымдастырады және жоспарлайды.

Білім беру үйымының әдістемелік ұсынымдарын өзірлеу, пәндік (циклдік) әдістемелік комиссия, ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысы жонінде есептік күжатты дайындау жөніндегі кафедралардың жұмыстарын үйымдастыру мәселесін үйлестіреді.

Оқу процесін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізеді.

Педагог қызметкерлерге авторлық бағдарламаларын, оқулықтарын, оқу-әдістемелік әдебиеттерін өзірлеуде жәрдем көрсетеді, облыстық (қалалық) білім басқармаларының әдістемелік кабинеттерінің, баспалармен ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыс жонінде жинақтарды, нұсқаулықтарды және басқа да басылымдарды дайындау жоніндегі жұмысты үйымдастырады.

Оқу және тәрбие процестерін жетілдіруді, оқытудың жаңа технологияларын өзірлеу және енгізуі, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру және аттестаттау жонінде жұмыстарды үйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Оқу-әдістемелік базаның есебін, сақталуын және толықтырылуын қамтамасыз етеді.

Педагогикалық кадрларды іріктеу мен орналастыруға катысады.

Ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстардың жай-күйін үйымдастырады және талдайды, эксперименттік жұмыстардың нәтижелерін қорытындылайды.

Оқытудың инновациялық әдістерін зерделейді, таратады және тәжірибелеге енгізеді.

Оқу кабинеттерді, зертханаларды, шеберханаларды қазіргі жабдықтармен, көрнекі құралдармен және окудуың техникалық құралдарымен жарактау, кітапханаларды оқу әдістемелік және көркем әдебиеттермен, баспасоз басылымдарымен толықтыру жөніндегі жұмыстарды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарда жәрдем көрсетеді.

Ғылыми және ғылыми-әдістемелік кеңестер, семинарлар, конференциялар откізууді, білім алушылардың ғылыми қоғамдары жұмыстарын үйымдастырады.

Еңбекті қорғау, техникалық қауіпсіздік және өртке қарсы ережелер мен нормаларының талантарын орындауды қамтамасыз етеді.

Ғылыми және оқу-әдістемелік қызмет нәтижелері туралы есеп береді.

Біліктілік санаттарын беру (растай) кезінде қойылатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйымдарының басшылары мен басшылары орынбасарларының тиімділік көрсеткіштеріне сәйкес келеді.

### **Еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары:**

**Біліктілік талантарына сәйкес конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар:**

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша кәсіптік білім білім беру саласындағы жұмыс өтілі соңғы 5 жылдан кем емес;

"басны" (санаты жоқ) "үшінші санатты басны", "екінші санатты басны", "бірінші санатты басны" біліктілік санатының болуы.

**2. Бос немесе уақытша бос лауазымның атауы:** Өндірістік оқыту шебері барлығы 4 бірлік.

1) Тамақтандыруды үйымдастыру мамандығының «Кондитер-безендіруші» біліктілігі бойынша өндірістік оқыту шебері-1 бірлік (мемлекетік тілде оқу топтарына оқу жүктемесі көлемі– 18 сағат);

2) Тамактану саласында қызмет корсетуді үйымдастыру мамандығының бармен барист біліктілігі бойынша - 1 бірлік (мемлекетік тілде оқу топтарына оқу жүктемесі көлемі– 18 сағат);

3) Нан пісіру, макарон және кондитер өндірісі мамандығының «Кондитер» біліктілігі бойынша (мемлекетік тілде оқу топтарына оқу жүктемесі көлемі– 18 сағат);

4) Ет және ет өнімдерін өндіру мамандығының «Ет өндеуші» біліктілігі бойынша-1 бірлік (мемлекетік тілде оқу топтарына оқу жүктемесі көлемі– 18 сағат).

**Негізгі функционалдық міндеттері:** Өндірістік оқыту бойынша практикалық сабактар мен оқу-өндірістік жұмыстарды, кәсіпорындарда кәсіптік тәжірибелі үйымдастырады және білім алушылардың тәрбие жұмысын откізеді және олардың топтарда орындалуын қамтамасыз етеді.

Сабактарға құрал-саймандар мен тиісті жабдықтарды дайындайды, материалдық базаны жетілдіреді.

Білім алушыларды еңбек қауіпсіздігін сақтауды, жұмыстарды орындаудың, жабдықтарды пайдалану мен қызмет көрсетудің, еңбек үйымдарының озат нысандарын, материалдық және энергетикалық ресурстарды үқыпты жұмсаудың тиімді тәсілдері мен амалдарына үйретеді.

Оқу (ондірістік) практикасын өткізу жөнінде әлеуметтік серіктестіктермен жұмысқа қатысады.

Білім алушыларды білікті жұмыстарды орындауга және біліктілік емтиханын тапсыруға дайындайды.

ОНДІРІСТІК ОҚЫТУДЫ ЖӘНЕ КЕСІПТІК ТӘЖІРИБЕНІ ЖОСПАРЛАУ, ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ, ТОПТА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУ, ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ ҚҰЖАТТАМАЛАРДЫ ЖҮРГІЗЕДІ.

Оқу шеберханаларын жабдықтармен және аспаптармен, материалдармен, қосалқы болашектермен және оқыту құралдарымен уақытында қамтамасыз ету жөнінде шаралар колданады.

Технологиялық құжаттамаларды, сыйбаларды, нобайларды, эталондарды дайындайды.

Оқу процесінде ғылыми-әдістемелік ұсынымдарды, озат педагогикалық және ондірістік тәжірибелерді колданады.

Білім алушылардың еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, ондірістік санитария талантарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Техника қауіпсіздігі бойынша нұсқамалар өткізеді.

Әдістемелік комиссия, бірлестіктердің жұмысына қатысады.

**БІЛІКТІЛІК ТАЛАНТАРЫНА СӘЙКЕС КОНКУРСКА ҚАТЫСУШЫНА ҚОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАНТАР:**

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі немесе жұмыс стажына талап қойылмайды немесе білім беру үйымының бейініне сәйкес келетін ұйымдарда кемінде 3 жыл жұмыс стажы болуы тиіс.

Және (немесе) бар болған жағдайда біліктілігі жоғары деңгейдегі жұмыс отілі мамандығы бойынша педагог-шебер – 5 жыл.

Және (немесе) біліктілігі орта жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс отілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог – зерттеуші кемінде 4 жыл.

Кәсіби құзыреттілікті анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талантар:

1) "педагог":

оку пәнінің мазмұнын, оқу-тәрбие процесін, оқыту және бағалау әдістемесін білуі;

білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу-тәрбие процесін жоспарлай және ұйымдастыра білуі,

білім алушының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етуі,

білім беру ұйымы деңгейіндегі іс-шараларға қатыса білуі,

білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбие мен оқытуда жеке тәсілдерді жүзеге асыруы,

кәсіптік-педагогикалық диалог дағдыларын игеруі, сандық білім беру ресурстарын;

2) "педагог-модератор":

"педагог" педагогке қойылатын жалпы талаптарға сәйкес болуы тиіс, бұдан басқа:

оқытудың инновациялық түрлерін, әдістері мен құралдарын пайдаланады, білім беру ұйымы деңгейінде тәжірибелі жинақтайды,

білім беру ұйымы деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысуышылардың болуы тиіс;

3) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" санатының жалпы талаптарына сәйкес болуы тиіс, сонымен қатар:

ұйымдастырылған оқу қызметін талдау дағдыларын менгерген, тәлімгерлікті жүзеге асырады және кәсіби даму басымдықтарын конструктивті анықтайды: білім беру ұйымы деңгейінде жеке және әріптестерін, аудан/кала деңгейінде тәжірибелі жинақтайды,

аудан/кала деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысуышылар болады;

4) "педагог - зерттеуші":

"педагог-сарапшы" санатының жалпы талаптарына сәйкес болуы тиіс, сонымен қатар:

сабакты зерттеу және бағалау құралдарын әзірлеу дағдыларын менгерген, білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді,

тәлімгерлікті жүзеге асырады және педагогикалық қоғамдастықта аудан, қала деңгейінде даму стратегиясын конструктивті анықтайды,

облыс/республикалық маңыздылығы бар және астаналық қалалары, республика деңгейінде тәжірибелі жинақтайды (республикалық ведомстволық бағынысты үйымдар үшін);

облыс/ республикалық маңыздылығы бар және астаналық қалалары деңгейінде олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға қатысушылардың болуы (республикалық ведомстволық бағынысты үйымдар үшін);

5) "педагог - шебера":

"педагог-зерттеуші" санатының жалпы талаптарына сәйкес болуы тиіс, сонымен қатар:

авторлық бағдарламасы бар немесе облыстық оқу-әдістемелік кеңесте немесе республикалық оқу-әдістемелік кеңесте макұлдау алған шығарылған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың авторы (тең авторы) болып табылады, ғылыми жобалау дағдыларын дамытуды қамтамасыз етеді,

тәлімгерлікті жүзеге асырады және облыс деңгейінде көсіби қоғамдастық желісін дамытуды жоспарлайды,

республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушысы немесе республикалық және халықаралық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушыларын дайындады.

**3. Бос лауазымның атауы:** Педагог-психолог (психологы)-1 бірлік (мемлекеттік және орыс тілдерін жоғары деңгейде білу шартымен).

**Уақытша бос лауазымның атауы:** Педагог-психолог-1 бірлік (2021 жылғы 01 қыркүйектен 2024 жылғы 01 шілде аралығына мемлекеттік және орыс тілдерін жоғары деңгейде білу шартымен)

**Негізгі функционалдық міндеттері:** Оқушылардың психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатын сақтауға бағытталған қызметті жүзеге асырады.

Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі Конвенцияға сәйкес жеке адамның құқықтарын қорғауға жәрдемдеседі.

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке басын дамытуға кедергі келтіретін факторларды анықтайды және әртүрлі психологиялық көмек корсусту бойынша шаралар қабылдайды (психокоррекциялық, оналту және консультативтік).

Білім алушыларға, тәрбиеленушілерге, оқушылардың ата-аналарына немесе оларды алмастыратын тұлғаларға, педагогикалық ұжымға нақты психологиялық мәселелерді шешуде көмек көрсетеді.

Әр түрлі бейіндегі және арналуындағы психологиялық диагностика жүргізеді.

Оқытушылар ұжымын, сондай-ақ оқушылардың ата-аналарын немесе оларды алмастыратын тұлғалардың білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке және әлеуметтік даму мәселелерінде бағдарлау мақсатында зерттеу жұмыстарының материалдары бойынша психологиялық-педагогикалық қорытынды жасайды. Белгіленген нысан бойынша құжаттаманы жүргізеді.

Инклузивті білім беру қағидасын дамытады.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында киберкультура мен кибергигиенаны дамытады.

Оқушылардың жеке және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру қызметінің дамыту және түзету бағдарламаларын жоспарлауға және өзірлеуге қатысады, олардың әртүрлі өмірлік жағдайларда бағдарлауға және кәсіби өзін-өзі анықтау мәселелерінде дайындығын дамытуға ықпал етеді.

Дарынды білім алушыларды, тәрбиеленушілерді, ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық қолдауды жүзеге асырады, олардың дамуына жәрдемдеседі.

Оқушылардың даму дәрежесін анықтайды, балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік дамуының бұзылуына диагностика жасайды, оларға психологиялық-педагогикалық түзету жүргізеді.

Білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагог қызметкерлердің және оқушылардың немесе оларды алмастыратын адамдардың ата-аналарының психологиялық мәдениетін қалыптастырады.

Білім беру үйімінің қызметкерлеріне білім алушылардың, тәрбиеленушілердің, педагогтердің, оқушылардың ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың әлеуметтік-психологиялық құзыреттілігін арттыруға бағытталған психологияны практикалық қолдану мәселелері бойынша көнестердің ата-аналарының жиналыстарының, педагогикалық консилиум, сауықтыру, тәрбие және басқа да іс-шаралардың жұмысына қатысады.

Кәсіби құзыреттілікті, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілікті арттырады.

Буллинг, суицидтің алдын алу жұмыстарын жүргізеді.

Білім беру процесі кезінде оқушылардың өмірін, денсаулығын және құқықтарын қоргауды қамтамасыз етеді.

Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын орындайды.

Білім беру ұйымдарында барлық білім беру процесіне субъектілердің қатысуымен "Күнділіктерға негізделген білім беру" тұжырымдамасын енгізеді, оның ішінде отбасылар балалар.

Білім алушылар, тәрбиленушілер, арасында академиялық адалдық қағидаларын, сыйайлар жемқорлықта қарсы мәдениеттің алдын алады.

### **Еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары:**

#### **Біліктілік талантарына сәйкес конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптар:**

"Психология" мамандығы бойынша жоғары білім немесе бейіні бойынша жоғары медициналық білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе тиісті бейіні бойынша техникалық және кәсіптік білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

Және (немесе) орташа біліктілік деңгейі болған кезде педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4 жыл, педагог – зерттеуші және педагог-шебер кемінде 5 жыл.

#### **Кәсіби құзыреттілікті анықтай отырып, біліктілікке қойылатын талаптар:**

##### **1) "педагог" (санаты жок):**

педагог-психологқа қойылатын жалпы талантарға сәйкес болуы;

қазіргі заманғы психологиялық әдістерді білуі;

мектеп жасына дейінгі балалармен диагностикалық, түзету жұмыстарын жүзеге асыруы,

балалардың эмоциялық саулығын, тиімді дамуын қамтамасыз етуі;

білім алушылардың психологиялық-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оку-тәрбие процесін жоспарлауы және ұйымдастыруы;

педагогикалық ұжым мен ата-аналарға психологиялық агартууды жүзеге асыруы тиіс.

##### **2) "педагог – модератор":**

"педагог" (санаты жок) санатының жалпы талантарына сәйкес болуы тиіс, сонымен қатар:

жеке-психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, балалармен жұмысты жүзеге асыру;

балалармен, педагогтармен, ата-аналармен проблемалық (стандартты емес) жағдайларда жұмысты ұйымдастыру;

ересектердің балалармен өзара қарым-қатынасын қамтамасыз ету және реттеу;

әлеуметтік бейімделудің белсененді әдістерін қолдану;

ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету.

3) "педагог-сарапшы":

"педагог-модератор" санатына сәйкес болуы тиіс, сонымен қатар:

әртүрлі бейінде және бағытта психологиялық диагностика жүргізу, балалармен жеке жұмысты жүзеге асыру;

шығармашылық топқа басшылық ету, психологиялық – педагогикалық қызметтің озекті мәселелері бойынша конференцияларға, семинарларға қатысу;

мектеп жасына дейінгі балаларды психологиялық қолдау бойынша ұсынымдар әзірлеу;

білім беру үйымдары деңгейінде өзі және әріптестерінің кәсіби даму басымдықтарын конструктивті анықтау және тәлімгерлікті жүзеге асыру, аудан/қала деңгейінде тәжірибелі жинақтау.

4) "педагог-зерттеуші":

"педагог-сарапшы" санатына сәйкес болуы тиіс, сонымен қатар:

психологиялық тексеру мен диагностика деректерін ескере отырып, мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс бойынша психологиялық-педагогикалық бағдарламаларды дербес әзірлеу,

психологиялық қорытынды жасауы және түзету жұмыстарын жүргізу;

әдістемелік құралдар, оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу; психологиялық - педагогикалық жұмысты үйымдастыру бойынша инновациялық тәжірибелі енгізу; мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытууды үйымдастыру бойынша педагогтарға көмек көрсету;

психологиялық - педагогикалық қоғамдастықта аудан, қала деңгейінде тәлімгерлікті жүзеге асыру және даму стратегиясын конструктивті анықтау, Облыс / республикалық маңызы бар және астаналық қалалары деңгейінде тәжірибелі жинақтау.

5) педагог-шебер:

педагог-зерттеуші біліктілік санатына қойылатын жалпы талаптарға сәйкес келу, сонымен қатар:

облыстық, республикалық оқу-әдістемелік кеңесте мақұлданған, авторлық бағдарламасы немесе оқулықтарға, оқу-әдістемелік құралдарға авторлық (бірлескен автор) құқыны бар, ғылыми жобалау дағдыларын дамытууды қамтамасыз етуі;

тәлімгерлікті жүзеге асыруы және облыс/ республикалық маңызы бар және астаналық қалалары деңгейінде кәсіби қауымдастық желісін дамытууды жоспарлау,

халықаралық және республикалық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушысы болып табылуы немесе халықаралық немесе республикалық конкурстар мен олимпиадалардың қатысушыларын дайындау.

**4. Бос лауазымның атауы:** Жалпы білім беретін пәндердің оқытушысы барлығы 9 бірлік (мемлекеттік және орыс тілдерін жогары деңгейде білу шартымен).

1) Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы-1 бірлік (мемлекеттік және орыс тілде оқу топтарына оқу жүктемесі көлемі— 18 сағат);

